

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№11 (124) ЖҰМА

4 сәуір 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Дастан Рыспеков өңірдің инвестициялық ахуалын жақсарту және кәсіпкерлерді тарту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Кеңеске «Қазақмыс» корпорациясы, «Сарыарқа Энерджи» және қытайлық «SEPMEM» компанияларының өкілдері сияқты ірі инвесторлар мен кәсіпкерлер қатысты.

Жиын барысында облыс басшысы инвестицияның экономиканың қозғаушы күші екенін атап өтіп, бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажеттігіне тоқталды. Жыл басынан бері облыс бойынша инвестиция тарту көрсеткіші қамтамасыз етілмей келеді. Сондықтан да жаңа инвестициялық жобаларға жергілікті билік тарапынан

жан-жақты қолдау көрсету көзделуде.

Кеңесте мәлім болғандай, «Сарыарқа Энерджи» компаниясы 7 млрд. теңге инвестиция құйып, өңірде көмір байыту фабрикасын салуға ниеттеніп отыр. Компанияның өкілі Олег Грицай фабрика жобасының экономикалық тиімділігі мен құрылысты іске асыру мерзімі туралы

жоспарларын ортаға салып, кеңінен түсіндірді. Сонымен қатар, «SEPMEM» компаниясы 10 млрд. теңге көлеміндегі инвестициялық жобаны - облыс аумағында табиғи газды сұйылту зауытын салу бастамасын ұсынды. Компанияның өкілі Ян Мин зауыттың техникалық ерекшеліктері және аймақ экономикасына тигізер пайдасы туралы

баяндама жасады. Кеңес қорытындысында облыс әкімі инвесторлардың Ұлытау аймағына қосқан үлесін жоғары бағалайтынын атап өтіп, инвесторлар көтерген барлық мәселелер жан-жақты қарастырылып олардың оң шешім табуына қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Нығман РАХЫМ

ТАҒАЙЫНДАУ

Ұлытау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бұйрығы негізінде конкурстық комиссияның шешімімен Сәтбаев қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы болып Әсел Қайратқызы Битаева тағайындалды.



Әсел Қайратқызы Қарағанды облысы Теміртау қаласының тумасы. 1985 жылы дүниеге келген.

2007 жылы Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетін стандартизация, сертификация мамандығы бойынша білім алған.

2024 жылы Шерхан Мұртаза атындағы Тараз инновациялық институтын санитарлық эпидемиология мамандығын алды.

Еңбек жолын Жезқазған қаласындағы индустриалды-гуманитарлық колледжінде оқытушы болып бастаған.

2016 жылдан бастап мемлекеттік қызмет саласында.

Өр жылдары Сәтбаев қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында жетекші маман, Ұлытау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде бас маман, бөлім басшысы қызметтерін атқарды.

Тағайындауға дейін облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің санитариялық мәселелер жөніндегі Департамент басшысы орынбасарының міндетін атқарды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat.satpaev@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat.satpaev@mail.ru

► ТАЗА ҚАЛА ҮШІН!

БІЛЕК СЫБАНЫП КІРІСТІ
ӘКІМ ТАЗАЛЫҚҚА

Күн жылынды. Көктем шықты. Қазір қаланы тазалау, абаттандыру, көгалдандыру, көркейту бағытындағы жұмыс қызып келеді. Сүйсінерлігі сол, бұл жұмыстардың басы – қасында қала басшысы Мұрат Бөрібаевтың өзі жүр.

Ол өзінің үш орынбасарына және аппарат басшысын қаланың белгілі аумақтарын бекітіп, оларға таңертеңгілік сол аумақты жаяу аралап, анықталған кемшіліктер жайлы жауапты тұлғалармен жұмыс жасауды тапсырды. Ал, өзі кез келген аумаққа барып, жағдайды көзбен көруді дұрыс санапты. Бұл да жұмыстың әдеттегіден өзгеше белең алғанын, бақылаудың нығая түскенін көрсетеді.

Тағы бір атап өтерлігі, Мұрат Ерболатұлының сенбілікке елмен бірге өзі де қатысып, қай жерде жұмыс қалай жүріп жатқанын өз көзімен көріп жүргені де жұмыстың жаңаша сипатын байқатады. Сондай-ақ, әлеужелі арқылы қала халқына көңіліндегі сүйініштері мен реніштерін де бүкпесіз айтып отырғаны да оның ашықтығын аңғартады.

Ол алғашқы сенбіліктен соң көше аралап жүріп, бірде-бір тұрғыны аула тазалауға шықпаған Абай көшесіндегі 14, 16, 18 үйдердің тұрғындарына ренішін де жеткізді. Рас, сенбілікке шығу тұрғындардың тікелей міндеті емес. Бірақ, сол өзін тұратын аумақ, балаларың, немере-шөберелерің ойнайтын алаңды бір мезгіл тазартуға қол ұшын берсең болмай ма? «Ерекше алғысымды Тәуелсіздік даңғылы 55, Ерден көшесі 161, 175 көпқабатты үйлерінің тұрғындарына білдіргім келеді. Ұйымшылдық танытып, жас демей, қария демей есік алдына жиналып аулаларын қыстан кейінгі қоқыстан тазалады. Дәл осындай азаматтық ұстаным танытатын жерлестеріміз көп болса, қаламыз тазарып, көркейетініне сенімім мол» деп жазды ол Фейсбук әлеужелісіндегі парақшасында. Шынында да солай ғой. Сенбілікке ата-аналарымен бірге шыққан балаларға риза болғаны соншалық, оларға арнайы тәттілер әкеліп, өз қолымен таратты.

Кешегі «Таза бейсенбілікте» де әкімдік қызметкерлері бірнеше үйдің ауласын тазартуға атсалысты. Ал, осы кезде көптеген тұрғындар «әкімнің де жүргені рас па екен?» дегендей



терезеден қарап тұрыпты. Осы қаншалықты дұрыс? Әншейінде, бір шаруаның реті болмай жатса, «әкім қайда қарап отыр?» деп шыға келетініміз де жасырын емес қой. Ал, енді қайттік? Қала тазалығы үшін білек сыбанып іске кіріскен әкімге «сен басшы болсаң, біз қосшы болайық» деп бірлік, ынтымағымызды көрсетіп, ол сенбілікке шыққанда «Халқым қайда жүр екен?» деп, алаңкөңіл етпегеніміз дұрыс-ау...

КЕҢГІР АРНАСЫ
СУҒА ТОЛДЫ

Жезқазған халқының да, өндірісінің де тіршілік тынысы Кеңгір су қоймасының жағдайына тікелей тәуелді екені белгілі. Сондықтан көктем келген сайын өңір жұртшылығы «биыл судың жағдайы қалай болар екен» деп алаңдайтыны түсінікті болса керек.

Тіршілік көзінің бүгінгі нақты жағдайы туралы Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аслан Арыновтан сұраған едік.

– Көктемгі алғашқы қарғын су келер алдында қоймада 274 млн. текше метр су болды. Су жүргелі Кеңгірге 66 млн. текше метр су келді. Арнасы толық толайын деп тұр. Қазір, яғни 3 сәуірдегі жағдай бойынша қоймада 315 млн. текше метр су бар. Біз сақтық шараларына байланысты тасқын басталғаннан бергі жеті-сегіз күннің ішінде 22 млн. текше метрдей суды сыртқа ағызып жібердік. Әлі де екі шандорды ашып, артық суды ағызып отырмыз. Қаракенгір өзенінен бүгінде күніне 3-8 млн. текше метрдей су келіп жатыр. Су қоймасының сыйымдылығына сай сумен қамтамасыз ету үшін тиісті мамандар тәулік бойы жан-жақты бақылау жасап отыр, – деді ол.

Жалпы, Кеңгір қоймасының сыйымдылығы – 319 млн. текше метр. Арна суға толып тұрса, халық ауызсуға да, шаруаға да жұмсауына жақсы ғой. Бірақ, үнемді пайдалана білсек болғаны.

Амандық РАХҰЛЫ

АҚСАҚАЛДАР
КЕҢЕСІНДЕГІ
БАСҚОСУ

Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ұлытау облысы ақсақалдар Кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Кеңесте «Бурабайда өткен Ұлттық Құрылтайдың қорытындылары мен алдағы міндеттері», «Кеңестің 2025 жылға арналған жоспары» және Кеңес құрамын толықтыру туралы» мәселелер қаралды.

Кеңес төрағасы С.Қожамсейітов Ұлттық Құрылтайда көтерілген мәселелерді жүзеге асырудағы Ақсақалдар Кеңесінің алдында тұрған міндеттер туралы баяндама жасады. Кеңес мүшелері М.Қазамбаев, В.Куприянов, М.Омар және т.б.өз ойларын ортаға салды.

Әсіресе, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында соғыс және тыл ардагерлері туралы әртүрлі шаралар ұйымдастыруды жиілету керектігі айтылды.

Кеңес қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдады.

А.ДАСТАНОВ.

ЖАРНАМА – ТІЛ
МӘДЕНИЕТІНІҢ
АЙНАСЫ

Сәтбаев қалалық «Тіл-құрал» оқу-әдістемелік орталығы «Сауатты жарнама – тіл тазалығы» тақырыбында семинар-практикум ұйымдастырды. Семинарға тіл мамандары, жарнама агенттіктерінің, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері, кәсіпкерлер, БАҚ қызметкерлері, мұғалімдер қатысты.

Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тіл - құрал» оқу-әдістемелік орталығының директоры Ақгүл Ошағанова «Жарнамаларды аудару кезінде туындайтын мәселелер», «Абай» атындағы ММИ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рысқұл Түсіпназарова «Қазіргі қазақ тілінде калькалардың әсері және олардың қолданысы», Қ.Сәтбаев атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Құралай Сатыбалдина «Сауатты жарнама - тіл абыройы» тақырыптарында баяндама жасады.

Іс-шара соңында баяндамашыларға сертификаттар табысталды.

Ай НҰР.

► БІЛІМДІНІҢ ЖОЛЫ ЖАРЫҚ!

ОРАЛДАҒЫ ОЛИМПИАДАДАН
ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша республикалық кезеңі 31 наурыз - 4 сәуір аралығында Орал қаласында өтті. Бұл додаға Ұлытау облысы бойынша 5 оқушы қатысты. Бұл команданы С.Сейфуллин атындағы гимназияның мұғалімі Аманкелді Бұқар бастап апарды.

Еліміздің дарынды балалар оқитын мектептерінен барлығы 165 оқушы қатысты. Солардың арасынан С.Сейфуллин атындағы гимназияның 11 - сынып оқушысы Камила Тәжбенова 3- орын алып, қоладан медаль тақты!

Камила өткен жылғы олимпиадада екінші орын алған еді. Демек, ол - екі мәрте жүлдегер.

- Өткен жылы оқушым Роман Әйгерім екі дүркін олимпиада жүлдегері атанған болатын. Үш жыл қатарынан шәкірттерім олжа салып келеді. Ұзағынан сүйіндіргей!-дейді Аманкелді Бұқар. Біздің де тілегіміз – сол!

А.НҰРТАУҰЛЫ



СҰХБАТ

Әлихан БАЙМЕНОВ:

САЯСАТ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР МАЙДАНЫ

– Аға, саясаткер ретіндегі баспалдағыңыз қалай басталды? Жалпы, саясатқа келем деген ой, мақсат болды ма?

– Жастық шағымыз жабық қоғам, ашық саяси бәсекесі жоқ жүйеде өтті. Ол мемлекетте азаматтық белсенділік тұсалып, тарихи сана тұмшаланды. Дегенмен, ресми оқулықтар мен тарих ғылымы тұншықтырылған заманда да кезіндегі Мұхтар Әуезов пен Ермұхан Бекмахановтардың ісін жалғастырған Ілияс Есенберлин, Дүкенбай Досжан, Морис Симашко, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбай, Софы Сматаевтардың шығармалары біздің көне мәдениет өкілі, айбынды бабалар ұрпағы екенімізді еске салу арқылы азаматтық сезімді оятуға түрткі болды. Аталған және басқа еңбектер Желтоқсан рухын да қалыптастыруға үлес қосқаны сөзсіз.

Мен туып-өскен Қарсақбай мен Жезқазғанның өзіне тән айырықша сипаттары болды. Бір жағынан, жұмысшылар мен ғылыми-техникалық интеллигенцияның рөлі жоғары, екінші жағынан, ұлттық дәстүр мен мәдениет сақталған әрі екеуі ұштасқан орта болды. Үшіншіден, әкеміз тағдыры да әсер етті. Ол 1931 жылы, содан кейін 1950 жылы екі рет қудаланған, әділеттілік пен имандылық жолынан айнымаған діни қайраткер еді. Осы үш фактордың синтезі бойымызда тарихи жауапкершілік, азаматтық ұстаным қалыптастыруға негіз болды. Сонымен қатар қазір саралап отырсам, олар қоғамдық-саяси іс пен мемлекеттік қызметте романтика мен технократтық тәсілдің де ұштасуына әсер еткен секілді.

Институтта Қазбек старостамыздың тапсырмасымен (басқаларға сұрақ қоюға уақыт қалмау үшін) біз Шәміл деген бакулық курстас екеуіміз жүйенің кемшін тұстары туралы мұғалімдермен пікірталас ұйымдастыратынбыз.

Кейін аспирантураға Мәскеуге барғанда Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен, әсіресе Балтық жағалауы, Кавказ, Украинадан келген азаматтармен пікір алмасудың әсері болды. Диссертацияны жазу және ғылыми зерттеулеріміздің нәтижесін қолданысқа ұсыну кезінде экономикалық жүйенің де қасаң, жаңалыққа селқос екеніне көзіміз тағы да жетті. Сөзсіз, Желтоқсан көтерілісі бәрімізді дүр сілкіндірді.

Біз, Мәскеуде жүріп, петиция ұйымдастырып, оны ақтөбелік Ербол деген азамат Мұхтар Шахановтың шығармашылық кешінде Евтушенкоға тапсырды. Араға 20 жыл салып мен Ерболды Мұқаңмен телефонмен байланыстырдым. 1989-1991 жылдары халық депутаттары съезінің теледидардан ашық көрсетілуі қоғамдық санаға соны серпін берді.

Осы факторлардың бәрі тоғыса келе, 1989 жылы елге оралып «Ұлытау»



Мемлекеттің ішкі, сыртқы ахуалы елде жүргізіліп жатқан саяси реформалармен тығыз байланысты. Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы, Академияның құрметті профессоры, Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы президенті, Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменов саясат пен саясаткер, руханият, ел мүддесі туралы ой қозғап, ұлттық идеологияның алғышарттары жөнінде тарқата айтып берді.

қозғалысын құруға ықпал етті. «Невада – Семейдің» облыстық бөлімшесін басқарып, «Азат» қозғалысы және «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайларына да қатыстым. Инженерлік білім және ғылыми жұмыс бойымызға жүйелі талдау негіздерін сіңірді. Соның көрінісі болар, 1990 – 1991 жылғы митингілерде және мақалаларымда Конституцияны өзгерту керегін айтқан едім. Бұл саясаттың алғашқы баспалдақтары болды, бірақ мемлекеттік қызметке тек тәуелсіздіктің арқасында келдім.

Тәуелсіздік болмаса, мен мемлекеттік қызметші болмас едім. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бізде үш түрлі романтика болды: Тәуелсіздік романтикасы, Демократия романтикасы және Нарықтық экономика романтикасы. Біз сол романтиктер толқынының өкілі едік.

– Сіздің түсінігіңізде саясат, саясат алаңы дегеніміз не, саясаткер кім?

– Жалпы айтқанда, саясат – адамдарға, олардың көзқарастары мен

шешімдеріне ықпал ету ісі. Оның тетіктері әртүрлі. Саяси ұйым мен саясаткер өзінің құндылықтары, көзқарастары, білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, елдің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламалар мен шешімдер ұсынады. Мемлекеттік саясат – құндылықтарға негізделген бағдарлама мен шешімдерді билік өкілеті мен халық қазынасын пайдалана отырып жүзеге асыру жүйесі.

Ұлт мүддесіне жұмыс жасау үшін саясат жасампаздық бәсекесінің алаңы болуы тиіс. Алайда адамдарға ықпал мен билік үшін бәсеке болғандықтан саясат кейде жасампаздықтан ауытқып, тіпті мақсаты теріс айналып кететін кездер кездеседі.

Кейбіреулер атын шығару үшін жер өртеуге дайын. Тағы біреулерде билікке құмарлық – нәпсінің бір түрі. Олар үшін билік құру ләззаты бәрінен ыстық. Төртінші топ – бағдарламалар жасап, халық өмірін жақсартуға тырысатындар. Соңғылар көп болса, саясаттың ұлтқа берері де мол болады.

Саясат пен саясаткерлердің сапасына әсер ететін екі маңызды фактор бар. Біріншіден, пікірсайыс, пікір алмасу алаңдары және БАҚ-та сөз еркіндігі, пікір алуандығы қажет. Саясаткер мен саяси партиялар ұзақ мерзімді ұлт мүддесін түсініп, қорғау үшін олар ішкі саяси додаларда шындалуы қажет. Сондықтан шешуші шарт – әділ сайлау болуы. Әділ сайлауларда тұлпарлар, көсемдер, шешендер қалыптасады. Әділ сайлау халықтың саясаткерге қоятын талабын да қалыптастырады. Таңдау болмаса, талғам болмайды. Дамыған елдерде саясаткерлердің басым көпшілігі сайлау арқылы іріктеледі. Сондықтан да бұрын Үкіметте жұмыс жасамаса да 30 жасында министр, 35 жасында премьер-министр болғандар саясат сахнасында өздерін еркін де, батыл да сезінеді.

Халық тезінен өту саясаткерлердің ұлт мүддесін сезіну деңгейін де көтереді. Сол үшін әділ сайлаудың ұлт әлеуетін көтеруге де, ұлт мүддесін қорғауға да берері мол.

– Балалық шағыңыз туралы баяндап берсеңіз? Сіздің де халықтық істерге қадам басуыңыздың негізгі балалық шағыңызда жатқан секілді. Себебі ата-анаңыздың берген тәлім-тәрбиесінен өзіңіз де көптеген мысалдар келтіріп отырсыз.

– Әкеміз діни қайраткер ретінде алған бетінен қайтпай, мәселелерді жасампаздықпен шешудің жолын көрсетті. Ол кісі 1976-1981 жылдары Кеңес Үкіметімен бес жыл үздіксіз күресе жүріп, Жезқазған облысындағы тұңғыш мешітті ашуға қол жекізді. Сол уақыттағы заңға сәйкес мешіт ашу үшін 100 адамның басын қосып облыс тарихындағы азаматтардың өз ерік-жігерімен құрылған тұңғыш ұйым құрды. Жас кезімізден бастап, әкеміз бізге білімге ұмтылу, өмір бойы оқып-үйрену, таза және адал болудың маңызды екенін айтатын. Сонымен қатар әрдайым: «Адамның күні адаммен», – дейтін еді.

Ұлттық тәрбиені бойына сіңірген, халық ауыз әдебиетін жақсы білетін анамыз бізге: «Болған жігіт болдым демес, болдым десе – болғаны емес», – деп, кішіпейілдікке, сыпайылыққа, адамгершілікке үйрететін.

– Ұйқасқа, яғни өлеңге әуес болыпсыз, кітабыңыз да шыққан екен. Сөз өнеріне деген ынтыңыз қай кезде бастау алды? Шығармашылық жолды ары қарай жалғастырмауыңыздың себебі не, бүгінде бұған деген өкініш болмай ма?

– Ұйқас пен өлеңге әуестік көшпенділер мәдениетінің, оның ішінде қазақтың табиғатында бар. Иосиф Бродский: «Әлемдік поэзия көшпенділердің көш ыңылынан бастау алған болар», – деген еді. Расында, аттың жалы, түйенің қомындағы қозғалыс ырғақты болғандықтан ғасырлар бойы ырғақ сезімталдығы дамыды.

(Жалғасы 4-6-беттерде)

Әлихан БАЙМЕНОВ:

САЯСАТ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР

(Жалғасы. Басы 3-бетте)

Әкеміз діни адам болса да, өлең жазғаны кейін белгілі болды. Қағаздарының арасынан әкесіне арнаған және басқа да өлеңдері табылды. «Қарияларды көрсем, түседі көкем есіме, ұқсастық іздеп қараймын ұзақ тесіле», – деген жолдары әлі есімде. Анам халық ауыз әдебиетін жақсы білетін, бізге айтып отыратын. Осының бәрінің әсері болар, өлең жазуды мақсат тұтпасам да, кейбір әсерлі сәттерде сезімдерім өз-өзінен ұйқаспен шыға бастады. Мысалы, Бағрат Шинкубаның империяның қысымымен туған жерін тастап кетуге мәжбүр болған ұбыхтардың қайғылы тағдырын баяндайтын «Кеткендердің соңғысы» кітабын оқығанда тұңғыш рет орыс тілінде (кітап орыс тілінде еді) шумақтар туындады. Бірте-бірте әзіл шумақтар жазып, аудармамен де әуестендім.

1986 жылы жерлестер отырысында бір қыздың адамдарға деген сенімін жоғалтқанын байқап, Жүрсін Ерманның «Сенім» деген өлеңін оқып бергім келді. Сөйтсем, ол қазақша түсінбейтін болып шықты. Содан мен жаңағы өлең жолдарын орыс тіліне аударуға мәжбүр болдым. Кейін К. Симоновтың бір өлеңін аудардым. Ядролық сынақтардың ашық ауада өткізілгені туралы ақпарат қатты әсер етіп, шумақтарға арқау болды. Оған «Ұлытау» қозғалысының мүшесі Еркін Жабагенов ән жазды.

Өлеңдерімді жариялаймын деп ойлаған емеспін. 1990 жылы жас журналистер университет мұғалімдерінің топтамасына менің бірнеше өлеңімді қосып жіберді. 1992 жылы облыс әкімінің орынбасары болып жүргенімде, Ғалым Жайлыбай мен Ұлықбек Есдәулеттің бастамасымен менің шумақтарым «Қазақ үні» газетіне Мейірхан Ақдәулетовтің алғы сөзімен жарияланды. Мұны мен сіз сұрағаннан соң ғана айтып отырмын. Әйтпесе «Қазақ әдебиеті» секілді кәсіби орта мен талғампаз оқырманның талабына сай қалыптасқан жетекші басылым менің поэзиядағы талпыныстарымды талқылайтын жер емес екені түсінікті ғой.

Орыс тілінде stih.ru деген сайт бар. Онда тіркелген әр адам өз шығармаларын баса алады (менің де кейбір шумақтарым орналасқан). Қазір бұл сайтта 1 млн автордың 63 млн өлеңі жинақталған. Табиғатымызда бар болғандықтан елімізде сөз ұйқастырумен әуестенетіндер өте көп. Мен сияқты әуесқойлар үшін жаңағы stih.ru секілді қазақша сайт ашылса, құбақұп болар еді.

Бойдағы сезімім ұйқас жолымен шығуға талпынғанда бір ерекше күйге енетінімді байқайтынмын. 1992-2001 жылдары мемлекеттік қызметте болғанда ол күйдің де күнде 12-14 сағат уақытты және жан-тәнімен беріліп атқаруды қажет ететін жұмыспен үйлесуі қиын болғандықтан, шумақ ұйқастырудан қол үзіп кеттім. Одан қазақ поэзиясы ұтылған жоқ деп ойлаймын. Дегенмен әдебиет және өнер қайраткерлерімен сұхбаттасып тұру ішкі қажеттілік болып қалыптасты. Оның

бір себебі – ақын-жазушы, композитор, суретші Жаратушымыз берген қасиет арқасында заман лебін, болашақ келбетін ерекше сезеді. Айрықша өз әлемі бар шығармашыл тұлғалар оқырман, көрермен, тыңдарман әлемі мен талғамының қалыптасуы мен дамуына әсер етеді. Сол себепті ұлттық болмыс пен рухқа, құндылықтарға әдебиет пен өнердің ықпалы ерекше.

Аспирант кезімде әдеби кештерге баратынмын. Сонда бір оқырманның: «Сіз, романыңыздың соңында басты кейіпкердің тағдыры не болғанын ашып көрсетпепсіз. Оның себебі неде?» – деген сұрағына Шыңғыс Айтматовтың жауабы әлі есімде. Ұлы жазушы: «Менің мақсатым өмірбаян секілді оқиғалар тізбегін беру емес. Егер көркемдік жолмен сіздің бойыңызда ақ пен қара, зұлымдық пен махаббат тартысы туралы толғаныс туғызып, ой салсам, шығарманың миссиясы орындалғаны», – деді.

Ч.Диккенс еңбектерінің ағылшын саясаткерлерінің көзқарасына әсері туралы көп жазылды. Немесе У.Уитменнің демократия, дін, дүниетаным туралы еңбектерін мысалға келтіруге болады. Абай шығармаларының Алаш қайраткерлеріне әсерін білеміз. Сонымен қатар Гюго, Оруэл, Хаксли, Ремарк, Толстой, Достоевский, Горький еңбектерінің саяси көзқарастар эволюциясына жасаған ықпалы белгілі.

– **«Қазір де оппозициялық «Ақ жол» партиясындамын», – деген екенсіз бір сұхбатыңызда. Көпшілік оппозиция мен билік жүйесін бір-біріне мүлде араз тараптар ретінде қарастырады. Ал, сіздіңше, оппозиция дегеніміз не, оппозиционер кім?**

– Барлық адамның бірдей ойлауы адам табиғатына жат және дамуға тұсау болар еді. Пікір алуандылығы арқасында адамзат дамыды. Мұны ұлы қайраткер Әлихан Бөкейханов: «Айыр пікір – айып емес, айыр пікірсіз өмір – абақты» деп түсіндірген. Сондықтан біздің Конституциямызда саяси және идеологиялық алуандылық танылған.

Оппозициялық көзқарастар мен ұстанымдардың болуы – қоғам мен мемлекет дамуының алғышарттарының бірі. Оппозиция жоқ немесе белгілі бір адамға балама жоқ деу – бұл билік үшін теріс сипаттама, пікір алуандылығы шектелгенінің көрінісі. Әрі бұл – ұлттың әлеуетін кемсіту. Тұтас ұлт ішінен озық ойлы, балама пікірлі, еркін ойлайтын адамдардың шықпауы мүмкін бе? Мүмкін емес. Қоғамның және ұлт-тың әлеуетін толық пайдалану үшін экономикада, мәдениетте, өнерде, әдебиетте, саясатта, барлық салада еркін, адал бәсекелестік орта құру қажет. Сонда ең үздіктер алға шығады.

Уоррен Баффет: «Олимпиадаға бұрынғы жеңімпаздардың туыстарын апару – жеңілудің жолы» деген екен. Ендеше, барлық салада да іріктеу, таңдау, бәсекелестік әділ, адал және таза болуы ұлттың әлемдік бәсекелестікке қабілетін күшейтеді.

Билікте де, оппозицияда да періште жоқ, бірақ тәрбие, құндылықтар және жауапкершілік пенделіктен ұлт мүддесін

жоғары қоюға жетелеуі тиіс. Ал пенделіктен сақтандыруда әділ сот пен таза сайлаудың маңызы ерекше. Билік пен оппозицияны біріктіретін құндылықтар – тәуелсіздік, демократия және ұрпақтар арасындағы сабақтастық. Бұл құндылықтар Конституцияда бекітілген және барлығымызға міндет. Сонымен қатар оппозиция да, билік те өзіне тілемейтінді өзгеге тілемей, өзі бармайтын жерге өзгені итермей керек. Егер оппозиция да, билік те халыққа қызмет етуді мақсат тұтса, олардың мұраты ортақ болады.

Мемлекеттің тірегі – азаматтың жүрегі. Мемлекеттің тірегі – азаматтық жанашырлық пен белсенділік. Сол себептен, билік және кез келген лауазым иесі азаматтардың талабы жоғарылағанын қалыпты жағдай деп қабылдауы керек. Жалпы, менің бір ұстанымым бар: «жетістікті көрмеу – соқырлық болса, кемшілікті көрмеу – жаны ашымағандық». Сын-ескертпені жанашырлық белгісі деп қарау маңызды. Адамзат дамуының бір қозғағыш күші – тоқмейілсімеу, яғни өне бойы өмірді жақсартуға, жеңілдетуге, үйлесімге ұмтылу. Азаматтық қоғамның дамуы – мемлекет тұрақтылығының кепілі. Сынсағатта азаматтық қоғам тәуелсіздікті қорғайды, оны кешегі Қаңтар да көрсетті.

Әділ сайлау мен ақпаратқа қолжетімділік бар жүйеде халықтың сенімі артады, қоғамның талғамы жетіледі. Дамыған елдерде оппозиция мен билік кезектесіп, кейде коалиция құрайды. Парламенттік республикаларда кеше ғана сайлауда бірін-бірі сынап, бір-бірінен дауыс алуға тырысқандар кейін бірлесе үкімет жасақтайды. Партиялар ішіндегі пікір-сайыстарда сол қағидатпен жүреді. Кеше ғана Трамп кезінде өзін сынаған біреуді министрлікке ұсынып отыр. Олар бір-біріне жау емес, бәсекелес екенін түсінеді. Жасампаздық жарысында жеке бастың емес, идеялардың бәсекелестігі маңызды. Балама пікірлер мен көзқарастар арасынан таңдау жасау ұлттың саяси талғамын да арттырады. Таңдау болмай, талғам болмайды. Біздің елде кезінде бәзбіреулер өзімен пікірі ұштаспайтын, айыр ұстанымы бар тұлғаларды ғайбаттап, қаралауды саяси орта дәстүріне айналдырды. Осыдан арылуымыз қажет.

– **Ел ісіне қатысты болсын, жалпы, кез келген жағдайға қатысты болсын, бұрын-соңды мүлде басқаша ойлап, уақыт өте мүлде басқа ойды түйіндеткен жайттар бар ма?**

– Дүниетаным көкжиегі кеңейіп, білімі молайған сайын белгілі бір үдерістер мен оқиғаларға көзқарастың өзгеруі – адам баласы үшін табиғи құбылыс. Таяуда Дэн Сяопинь бастаған нәтижелі реформалардың түп-тамыры туралы Қытай профессорымен пікір алмастық. Сонда ол кезіндегі Кеңес компартиясымен салыстыра келе өздерінің догматизмге ұрынбағанын алға тартты, яғни марксизм негіздерінің өзін нақты ахуалға бейімдеу, нарықтың қуатын ел мүддесіне сәйкестендіруге жол ашқанын көрсетті.

Лев Толстой: «Адам күнде бір нәрсені

сайрай беретін шымшық емес» деген екен. Мен дәрістерімде лауазым жоғарылаған сайын көп оқып, жаңа ақпаратты игеріп, дүниетаным көкжиегін кеңейтуге назар аударамын.

Сіздің нені меңзеп отырғаныңызды түсінгендіктен бір жайтты айтып кетейін. «Панама досьесі» секілді құжаттардан сол жылдары Қазақстаннан кімдер офшорға ақша аударғанын көргенге дейін, кезінде «Ақ жолдың» басшылығында болып, кейін өздерін сайлаған партияның жиналыстарынан қашып, «Нағыз» партиямыз деп бөлінгендердің артында қандай мүдде тұрғаны толық түсініксіз болған еді. Сөйтсем, аталмыш қаржылық топ оларды өздерінің билікпен саудасында қоқан-лоққы жасау үшін пайдаланған секілді, яғни бір теңдер, кен орны, контракт бермесендер, онда партияны радикалдарға жақындатып, митингілерге шығартамыз деу үшін. Соның нәтижесінде, алған байлықтарынан жаңағы партияны бөлшектеуге күш салғандарға сүйек-сорпа беріп отырғанға ұқсайды. Демократиялық ұстаным ұранмен шектелмеу керек – демократ партия ішінде де өз көзқарасын пікір-таласта дәлелдеуден тайынбау керек. Жаңағылар болса, өздерін басшылыққа сайлаған партия жиналыстарына, съезіне келуден қашып, оны сырттай ғайбат-таумен, қаралаумен айналысып, билікке балама мықты күш болып қалыптасып келе жатқан «Ақ жолды» бөлшектеуге, Әкежан Қажыгелдиннің барлық демократиялық күштерді «Ақ жол» мүшелігіне өту туралы үндеуін болдырмауға күш салды. Қолдарындағы мол қаржыны, сондай-ақ ақпарат саясатына ықпалын осы мақсатқа бағындыра бастады. Егер сол жылдары бүгінгідей әлеуметтік желілер болғанда қаржылық топтың қолдауынан айырылып, бірақ өз дербестігін сақтаған партия үшін ақиқатты халыққа жеткізу мүмкіндігі молырақ болар еді. Ал әлгі партиядан қашып кеткендер шынайы демократия үшін билікпен күреспек болса, тым болмаса, «Нағыз Отан» деп немесе басқа атпен ұйым құрып әрі қарай бәсекелестікке түсер еді. Олар үшін демократия емес, билікке өздерін қаржыландыратын топтың сөзі өткені маңызды болды. Осы жайлы сол кездегі күдігіміздің шын екенін тереңірек түсінуге кейін жарияланған ақпараттар көмектесті.

ДВК мен «Ақ жолдың» тарихы тағы бір түйінге жетелейді. Тәуелсіз партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары және саясаттану ғылымы дамуы үшін қаржының бәрі ат төбеліндей топтың қолында шоғырланған жүйені өзгерту қажет. Алпауыттар жеме-жемге келгенде өздері қаржыландыратын қоғамдық-саяси ұйымдарды өз мүддесіне жасатқысы келетіні түсінікті болды. Сол себептен де Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұңғыш рет биік мінберден ел байлығы 162 жанұяның қолында шоғырланғанын жариялап, монополизация мен заңсыз активтерді қайтаруға бағытталған батыл қадамдар жасауының әлеуметтік-экономикалық қана емес, саяси салдары да зор.

– **Біздің қоғамда демократиялық**

МАЙДАНЫ

сипат бар деп есептейсіз бе?

— Әр мемлекет, қоғам және экономика түрлі факторларға, соның ішінде тарихи, мәдени, геосаяси және географиялық аспектілерге байланысты дамиды. Отыз жыл бұрынғы қоғам, экономика мен мемлекетті бүгінгі жағдаймен салыстырғанда едәуір ілгерілеу барын көреміз. Алайда прогрестің өз парадокстары да бар.

Конституция бойынша біз демократиялық қоғам, нарықтық экономика және әлеуметтік мемлекет құрамыз дедік. Осы бағыт-тарда қандай ілгерілеу бар екенін оқтын-оқтын саралап, стратегиялық қадамдардың Конституция рухына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

Демократия бір қалып немесе үлгі емес, ол қозғалыс. Сондай-ақ ол — заң үстемдігі, ортақ ережелерге бәрінің бағынуы. Негізгісі — жаңа айтқан әділ бәсеке. Бірер мысал келтірейін. Кезінде Ленинмен пікірталаста Бернштейн деген ойшыл: «Түпкі мақсаттан гөрі соған жеткізер қозғалыс маңызды» деген екен. Таяуда Қытайдың жаңағы философымен пікір алмасу кезінде, мен одан: «Скандинавия елдері коммунизмге қарай бара жатыр ма?» — деп сұрадым. Ол: «Иә, солай», — деп жауап берді. Қарасаңыз, Скандинавия елдері коммунизмді мақсат қойған емес. Бірақ нарықтық экономика мен капитализм әлеуетін халық мүддесіне бағыттаған саясат арқасында теңдесі жоқ әлеуметтік көрсеткіштерге жетті. Олар әділеттілік жолында үздіксіз қозғалыстың маңызын дәлелдеп отыр.

Жалпы, адамзат тарихы — қозғалыс пен өзгеріс жолы. Таяуда «Ана тілі» газетіндегі сұхбатында Президент: «Қоғам тарапынан сұрау болса, реформалар жалғасады», — деп үздіксіз даму заңдылығына назар аударды.

Бұл жолда жақсы бастамаларды қағаз жүзінде орындап қоймай, толыққанды жүзеге асыру маңызды. Мысалы, министрліктердің, әкімдердің жанындағы Қоғамдық кеңестер құру идеясы жақсы болды. Ал бірақ олар туралы заңда мақсаты дұрыс айқындалғанымен функциялары мақсатқа жету мүмкін қылмайтындай жазылған. Нәтижесінде, сол салаларға қатысты қоғамның пікірін жеткізудің орнына Кеңестер өздері жауап бермейтін формальды істермен айналысып кеткен. Осыны ескере келе біз заңға өзгерістер жобасын әзірлеп, ақпарат министрлігіне жібердік.

Демократиялық үдерістер үздіксіз даму үшін тағы бірнеше бағыт маңызды. Мысалы, мәслихаттардың дербестігі мен пәрменділігін арттыру, екінші — кәсіподақ, үкімет, жұмыс беруші ұйымдарының арасында тепе-теңдікті қалыптастыру, үшінші — сот жүйесінің тазалығы мен әділдігін қалыптастыру. Мәслихаттарда тұрақты төраға заңдастырып, олардың пәрменін арттыруда Президент біраз қадам жасады. Енді келесі қадам өзінен-өзі сұранып тұр. Мәселен, қалалық, аудандық мәслихатты алайық. Қанша депутаттың сол деңгейдегі бюджетке не сол деңгейден құрылған мемлекеттік, коммуналдық кәсіпорындарға қатысы бар? Егер, депутат сол бюджеттен жалақы алып отырған кәсіпорын,

мекеменің басшысы болса, ол әкімнен тәуелсіз жұмыс жасай ала ма, ол тексеру комиссиясын құрып, соны дұрыс тексере ала ма? Ендеше, ондай азаматтар сол деңгейдегі мәслихат депутаты болмауы керек (ал депутаттықты таңдаған азамат лауазымынан кетуі қажет). Сонда мәслихаттар тәуелсіз болып, халықтың атынан бақылау жүргізе алады.

Екіншіден, бізде соңғы 15–20 жылда кәсіподақ рөлі төмендеп кетті. Ал басқалардың үлгісі көрсеткендей көп мәселені кәсіпорын, сала, не аймақ деңгейінде кәсіподақ, жұмыс берушілер ұйымы және билік арасында келісімшартпен шешуге болады. Мысалы, үлкен сұрақтың бірі — жалақы айырмашылығы. Осы айырмашылықтың шектік мөлшерін ұжымдық келісімшартта, салалық келісімшартта бекітуге болар еді. Бұл тұрғыда тағы бір мәселе — «Атамекен» палатасының шынайы рөлін анықтау. Бүгінгі күні ол жұмыс берушілердің ұйымы ма, әлде сауда палатасы ма? Дамыған елдерде бұл істер бөлінген. Ал бізде, шын мәнінде, «Атамекен» атқарушы биліктің бір саласы болып кеткен тәрізді.

Үшіншіден, сот жүйесіне келсек, бір жағынан, соттардың (Конституциядағы «судья» сөзін көпшілік қабылдамады, сондықтан келешекте оны би, қазы, төреші секілді сөзбен алмастырған жөн) дербестігін арттырып, олар тек заңға бағынатын жүйе қалыптастыру керек. Аудан, қала деңгейіндегі судьялардың санын арттырып, оларға істерді аптықпай, кәсіби және дербес қарастыру мүмкіндігін туғызу керек. Сөзім дәлелді болу үшін «Fraser» тобы және Дүниежүзілік банкі өткізген зерттеуге жүгінейін. Жан басына шаққанда табысы ең жоғары елдер тобы немен ерекшеленетінін талдаған олар, бірінші орында контрактілердің орындалуы, соттың бейтараптығы және сот жүйесінің тәуелсіздігі тұрғанын көрсетті. Ендеше, бұл жерде біз бірер миллиард жұмсап, триллион ұтуымыз мүмкін.

Әр сайлау, әр референдум — азаматтық мектебі. Мектептегі білім мен тәрбие адамға қалай маңызды болса, сайлау тәрбиесі мен тағылымы азаматқа солай маңызды. Егер Парламент, әкім, мәслихат сайлаулары таза өтпесе, азаматтардың мемлекетке ықпалы төмендейді. Азамат өз мемлекетінде ғана бар ерекше құқықтарын жүзеге асырғанда, сол арқылы өз мемлекетінің тағдырына ықпалы болғанда ғана одан жауапкершілікті талап етуге болады.

Қазақ мәдениетінің демократияға қатысты бір артықшылығы бар. Бұл — жаңашылдық, бейімделгіштік және төзімпаздық. Бұл артықшылық жүзеге асу үшін реформаларға жауаптылардың өздері үлгі көрсету керек, яғни сөз бен істің арасында айырмашылық болмау керек. Сонда реформалар тез жүріп, біздің жер байлығымыз бен халықтың еңбекқорлығының жемісін барша адам көретін болады.

Президент бастаған түбегейлі реформаларды жүзеге асыру үшін биліктің әр деңгейінде осы идеяларды қолдайтын, оны халыққа ұғынықты жеткізетін адам-

дар қажет. Ал қай билік кезінде де өз пайдасын ғана ойлайтындар жақсы идеяларды да, Президенттің бастамаларын да жүзеге асырмай кері тартады.

— Жуырда Екінші Дүниежүзілік соғыс тақырыбының әдебиет-те ашыла қоймағаны туралы жүйелі мақала жазған екенсіз. Тағы қай кезеңдер өз жазушысын күтіп жүр, қай кезеңдерді жазу керек деп ойлайсыз?

— Екінші Дүниежүзілік соғыс тақырыбының Кеңес және орыс әдебиетінде ашылмағаны туралы И.Бродскийдің эссесін оқығанда таңғалған едім. Кейін қарасам, шынында да, кеңес, орыс, қазақ әдебиетінде сол соғыс негізінен батырлық, ерлік тұрғысынан ғана суреттелген екен де, соғыстың бірінші кезекте қасірет, қанды қырғын екені, адамзат басына келген нәубет екені ашылмапты. Соғысқа қатысқан әкемнің інісі, анамның ағалары, басқа ардагерлер болсын, әңгімелескенде қанмайдан туралы көп айтқанды қаламайтынын байқайтынмын. Оның негізінде де сол соғыстың адамгершілікке жат, жантүршігерлік құбылыс екені, оны көз алдына қайтып оралтқысы келмейтіні тұрғаны сөзсіз.

Жалпы, сол соғыстың себеп-салдарын тереңірек түсіну үшін У.Черчилльдің «Екінші дүниежүзілік соғыс» атты Нобель сыйлығын алған кітабын қазақшаға аудару қажет. Айтпақшы, аударма туралы сөз болғанда бір жайтты ескерген жөн. Бізде әлемдік көркем әдебиет көбіне орыс тілінен аударылып келді. Таяуда, Армен Захаряның ғажайып хабарынан Э.Хэмингуейдің «Қоңырау кімге соғылады?» атты атақты шығармасы орыс тіліне аударылғанда кеңестік идеологияның цензурасына ұшырап, өзгертілгені туралы дәлелдер келтірілді, яғни, біріншіден, түпнұсқадан аударуға мән беру қажет, екіншіден, орыс тілінен аударылса, түпнұсқамен салыстырған абзал.

Көркем шығарма арқылы тереңірек сезінуді қажет ететін кезеңдер: бірінші, Кенесары, Сырым, Исатай, Махамбеттердің көтерілістері мен ұлт-азаттық қозғалыстары. Екінші, Алаш идеясы мен қозғалысының туындауы. Үшінші, халықтың жартысына жуығын жалмап кеткен ашаршылық. Төртінші, игі жақсының бәрін құртқан 5-6 толқын қуғын-сүргін мен ұлтты мәңгірттендіру үшін жасалған екі дүркін әліппе ауыстыру. Сонымен қатар әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұннан бастап Шәкәрімге дейін, ұлы ойшылдар, Құрманғазы, Тәттімбет секілді өнер алыптары және Әлихан Бөкейханов секілді кемеңгер қайраткердің тұлғалары арқылы мәдениетіміз бен қоғамдық дамуды тереңірек көрсетуге болар еді.

Бұл жерде бір жайт маңызды. Таяуда Нетфликс компаниясы Жошы хан туралы сериал шығарады дегенді естіп, қуанып қалдық. Ол сәтті шықса, біздің терең тарихымызды әлемге танытудың бір құралы болар еді. Сондықтан осы істе біз бұрынғы бастамалардан да сабақ алуымыз керек.

Әрине Жошы Хан ұлысы Алтын орда және қазақ хандығы сабақтастығы мемлекет тарихын тереңдетеді. Жошы

Ханнан бастап Керей мен Жәнібек, Қасым, Есім, Абылай, Кенесары — барлығы бір атаның баласы, яғни бір династияның өкілі. Екінші жағынан, мәдениетіміздің тарихы, ұлтымыздың тарихы, сөзсіз, одан терең. Осыны сериал түсіргенде кеңес беретіндер ұмытпағаны абзал. Жошы хан келгенде елімізде қандай мәдениет болды? Қандай білім ошақтары болды? Қандай қалалар болды? Оларда қандай ғұламалар өмір сүрді? Бұның бәрін көрсете білу қажет және маңызды. Себебі біз мемлекеттігіміздің тарихын тереңдетеміз деп, терең мәдени тарихымыздан бас тартпауымыз керек. Біз әл-Фараби, Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ясауи секілді ұлы бабаларымыз қалыптастырған мектептер болғанын, сол уақытта осы өңір әлемдегі озық ғылым-білім ортасы болғанын осы фильм арқылы да паш етуіміз қажет. Тіпті Жошы хан жерленген Ұлытау өңірінде Басқамыр, Аяқамыр қалалары болғанын да көрсету керек. Сол фильмдегі кейбір кейіпкерлер тоғызқұмалақ ойнап отырса, қандай ғажап болар еді.

Міне, осы тұс ұмытылмау керек деп есептеймін. Менің ойымша, бұндай тарихи фильмдерді түсіргенде кеңесші ретінде де, сценарийді әзірлеуге де отандық мамандарды тартқан дұрыс.

Сонымен қатар ерекше назар аударатын кезең — ол қазіргі заман, тәуелсіздік жылдары. Өзімізді тереңірек түсіну үшін де, жаңа жауапкершілік пен мүмкіндік биігін сезіну үшін де бүгінгі күннің құндылықтары мен замандастырымыздың келбетін көркемдік шеберлік пен жалпы адамзаттық идеалдарға сүйене отырып суреттеген шығармалар өте қажет.

— Осы орайда, ұлттық идеологияға көзқарасыңыз қандай? Елімізде ұлттық идеология қалыптасқан деп ойлайсыз ба? Қандай идеология керек?

— Белсенді азамат тәрбиелеу, қоғамды дұрыс құндылықтар арқылы ұйыстырып, өз тізгініне ие болатын ұлт қалыптастыру — үкіметтердің басты міндеттерінің бірі. Бұл мәселе, әсіресе, кезінде тәуелсіздігін жоғалтып, бодан болған, тәуелсіздігін қайта қолға алған мемлекеттер үшін өте маңызды. Сол себептен де, мысалы, Сингапурдың, Біріккен Араб Әмірліктерінің, Мексиканың, тіпті Индияның стратегиялық жоспарларында назар адамға, азаматқа, отбасына, құндылықтар қалыптастыру мен кертартпа әдеттерден арылуға аударылған.

Сонымен қатар үкіметтер үшін бұл күрделі де қиын жұмыс бағыты екенін түсінген абзал. Қазір адамзаттанушылар VUCA және BANI деп атаған заманда бұл жұмыс одан сайын күрделенді. Жаңағы екі анықтамаға да ортақ сипаттар — бұлыңғыр, мазасыз, болжауға қиын әлем. Ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа қатерлерді де туындатуда. Адамзат тарихы көрсеткендей, жаңа технологиялық деңгей оған сәйкес жауапкершіліктің де артуын талап етеді. Бұл жағдайда адамға да, ұлтқа да тірек болатын — мәдени діңгек және озық құндылықтар.

(Жалғасы 6-бетте)

Әлихан БАЙМЕНОВ:

САЯСАТ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР МАЙДАНЫ

(Жалғасы. Басы 3-5-беттерде)

Біздің тарихымыз және алдағы мақсаттарымызды, конституциядағы мемлекет міндеттерін ескере бірнеше көлемді басымдықтарды атауға болады. Ірілеп айтқанда, олар: Ұлттық бірегейлікті нығайту; Азаматтық белсенділік пен ынтымақты күшейту; Бодандық сананың қалдықтарынан арылып, мемлекет үшін жауапкершілікті арттыру; Әлемге өз көзімізбен, өз мүддеміз тұрғысынан қарап, орнымыз бен мүмкіндігімізді пайымдай білу; Озық дәстүрлерімізді жаңғыртып, тозығы жеткен ескі комплекстерден арылу; Адалдық, әділеттілік, еңбекқорлық және білімпаздық құндылықтарын нығайту; Орталық Азия және Түркі бірлігінің маңызын арттыру.

Гибридті соғыстар заманы ақпарат саясатының және ақпарат тұтыну мәдениетінің жаңа деңгейін талап етеді. Осыны ескере келе, жоғарыдағы іріленген бағыттардан туындайтын көп міндеттің ішінен келесі бір тобына назар аударғанды жөн санаймын.

Ақпарат майданы — тәуелсіздік үшін күрестің алғы шебі. Жұтқан ауа, ішкен су, жеген тамақ, қоршаған орта адамның тән саулығына қалай әсер етсе, білім, тәрбие және ақпарат ағыны жан саулығына солай әсер етеді. Ендеше, ақпарат кеңістігінің сапасы мен тәуелсіздігі басты назарда болуы тиіс. Біз әлемге қазақтың көзімен қарап, әлем мен оқиғалар туралы қазақ тілінде сапалы ақпарат алуды қамтамасыз етуіміз керек. Бұл тұрғыда, мемлекет меншігіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының ағарту, фейктермен күрес және сыни ойлауды дамыту бағыттарына басымдылық бергені абзал. Ақпарат тұтытуда қоғамның талғамын дамытуға күш салу қажет. Ақпараттық талғам мен ақпараттық санитария фейк пен хайп заманында қажет қорғаныс құралдары болып есептеледі. Ұлтымыздың сыни ойлау қабілетін дамыту — заман талабы.

Бұрын ондаған жылда екі еселенетін білім көлемі, қазір жыл сайын еселенуде. Жасанды интеллект қалауын тапқан адамға, қажет білім көздерін тез тауып береді. Ендеше, бір зат не құбылыс туралы білу қиын емес. Бұл жағдайда, түсіну қабілетін дамытуға назар аудару керек, яғни білімнен түсінімге өтуіміз керек. Қазақ «Сөз – көмек, тіл – құрал» дейді. Құралымыз заман талабына сай дамуы қажет. Мәдени діңгегіміздің өзегі де — тіл. Ендеше, заман талабына сай және адамзат дамуының заңдылықтарын ескере, келесі бағыттар маңызды:

Қазақ тілінің сөздік қорын ұлғайту. Бұл істе ұлттың өз әлеуетін дұрыс пайдаланған абзал. Басқаны қойғанда, бір миллион үш жүз мың ғана халқы бар Эстонияның тәжірибесін пайдалануға болар еді. Олар өз тілінде баламасы жоқ терминді аударуда не жаңа құбылыстарды суреттеу үшін Эстон тілінде сөз ойлап табуға интернет

арқылы бүкіл халықтық конкурстар өткізеді. Сөздік қорды дамытумен қатар бұл ұлтты жасампаз іске жұмылдырудың да құралы; Қазақ тілінің емле ережесін қарапайымдату. «Күрделі жүйелердің прогресі үшін қарапайымдату» заңдылығын ескеруіміз қажет; Конституциядағы мәртебесіне сәйкес, қазақ тілінде шығатын баспа өнімдері, видео-аудио өнімдерге субсидия және салықтық жеңілдіктер беру жүйесін қалыптастыру. Мемлекет тапсыруынсыз, өз бетімен қазақ тіліне кітап, аудио, видео өнімдерді аударатындарға субсидия беру; Балаларға арналған кітап (комикс, манганы қоса алғанда) видео, аудио өнімдерді қазақ тілінде шығарудың мемлекеттік бағдарламасын арнайы бекіту; Мектеп, ата-ана, дінбасылар, мемлекет біріге отырып жасампаз еңбек құндылығын қалыптастыру. Еңбек күні халықтық мерекеге айналуы тиіс; Мыңдаған жыл бойы адам дамуы мен адамзат өркениетінің қалыптасуында ерекше ықпалы бар дін институтының жасампаз әлеуетін дұрыс пайдалану. Муфтият ғалымдармен бірлесе дінбасылардың күнделікті уағыздарында пайдалануы үшін бұл өмірдегі жасампаздық, еңбек пен білімнің сауапты іс екенін жамағатқа ұғынықты жеткізетін әдістемелік құралдарды әзірлегені абзал. Сол уағыздарда Әл-Хорезми, Әл-Бируни, Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ибн Халдун, Ұлықбектен бастап Абай, Шәкәрімге дейін имандылық пен ғылым-білімге құштарлықты ұштастырған ғұламалардың өмір жолдарын, еңбектерін атап өту қажет. Муфтият «Ислам және дәстүр», «Балалар жолымен» атты жақсы басылымдар шығарды. Осының жалғасы ретінде «Ислам және еңбек», «Ислам және білім», «Ислам және ғылым» деп аталатын нұсқаулық кітаптар шығарып, уағыздарда кеңірек пайдаланғаны абзал.

Ағартудың бір бағыты — ұлттық мүддені түсіну. Ол үшін еліміздің аймақтарында және үлкен қалаларда пікір алмасу үйірмелері, клубтары дамығаны жөн. Олар, бір жағынан, тақырыпты терең талдау мектебі (Сенат жанындағы секілді) болса, екінші жағынан, пікірталас мәдениетін дамытуға да септігін тигізеді.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп Абай айтқандай, өткеннің бәрі озық емес екенін де түсінуіміз керек. Өткенді тым әсірелеп керегі жоқ. Бүгінгі қазақ — бұрынғы қазақ емес. Бүгінгі әлем — бұрынғы әлем емес. Біздің ұрпақты ертеңгі әлемге дайындайтын жолды таңдауымыз қажет.

Бүгін біздің ортақ мемлекетіміз бар. Бір жағынан алғанда, біз Қазақстанның перзентіміз; екінші жағынан алғанда, Қазақстан — бүкіл ұлттың ортақ бір перзенті. Осы ұғым негіз болу керек. Бізде Конституцияда: «Тегіне қарап бөлуге болмайды», — деп жазылған. Бөлу не-

ден басталады? Бөлу біреудің руын, ата-тегін шұқып көрсетуден басталады. Әр адам өзінің паспорты арқылы мені осылай таныңыз деп айтып тұр. Кезінде Зия Кокалыптың «Түрікшілдік негіздері» кітабында жаңадан құрылып жатқан Түрік республикасының халқын тегіне қарап бөлінбей бірігуге шақырғанда айтқаны бар: «Адам — жылқы емес, ит емес. Жылқының, иттің қасиет-қабілеті, бірінші, оның жүйріктігінде, басқа сипаттарында болса, ол бұлшық ет пен өкпенің көлемі мен күшіне байланысты, яғни оны жаттығу арқылы дамытуға болады. Сондықтан жүйріктен тұқым алып, ары қарай сұрыптайды. Ал, әр адамға ерекше қасиет, қабілет беріледі». Бұл сөздерді оқығанда анамның: «Баланың өзін тусаң да, мінезін тумайды екенсің» деп айтқаны еске түседі. Шынында да, әр адам — ерекше құбылыс, ерекше жаратылыс. Бізде кейбір тек қуушылар онсыз да бөлшектенген қоғамды әрі қарай бөлуге үлес қосуда.

Мысалы, бір саясаттанушылар кезінде қазақтың белгілі азамат-тарының бәрінің руы жазылған кітап шығарған. Бұл — Конституцияға қайшы. Оны сыртқы күштер де пайдалануы мүмкін. Біз бірігетін жол іздеуіміз керек. Міне, осыны мемлекет әрдайым жадында ұстау қажет. Елді бірлікке, ортақ құндылықтарға бастайтын идеялар қажет.

Өткен олимпиада соңғы жылдарғы Түркі бірлігі идеясының тереңдеп келе жатқанын көрсетті: бауырлас елдер бір-бірінің жетістігіне қуанып жатты. Енді түркі халықтарының мәдени, ғылыми, адами байланыстарын тіпті нығайтқан абзал. Кезінде Асқар Егеубаев қазақшалаған Махмұд Қашғаридың «Түрік сөздігі» көптеген атаулардың тамырын түсінуге мүмкіндік береді. Енді сол сөздікті қазіргі адам пайдаланып үйренген тәсілмен, яғни әліппе не тақырып негізінде сөздерді топтастырып қайтадан басып шығарса, абзал болар еді. Түркі бірлігі — біз үшін өміршеңдік және тұрақты дамудың маңызды факторы. Бұл да бұқарамен жұмыстың өзекті бағыты болғаны жөн.

Соңғы кездері жүзеге асырылып жатқан терең бастаманың бірі — «Таза Қазақстан» концепциясы. Қоршаған ортаны тазалау идеясынан басталған бұл концепция «Адал Азамат» тұжырымдамасымен бірге мемлекеттік басқару мен жемқорлықпен күрес ісінде де өз жемісін бере алады.

Осыны жүзеге асыратын құралдарға келсек, экономика секілді ақпарат саласында да мемлекеттің үлесін азайту қажет. Менің ойымша, облыс әкімдеріне қарасты БАҚ редакция ұжымдарына беру қажет, ал республикалық деңгейде мемлекеттік телеарналарды біріктіріп BBC секілді қоғамдық телекорпорацияға айналдыру ұтымды болар еді. Оның қағидалы ұстанымдарын әр буынның көзі ашық, көкірегі ояу өкілдерінен тұратын қамқоршылар кеңесі анықтаған жөн.

Бұл істе мемлекеттің ғана емес, зиялы қауымның да жүгі ауыр. Жара мен қотырды қасып, айыз қандыру оңай, ал оны емдеу жүйелі жұмысты қажет етеді. Ендеше, зиялы қауым ұран мен хайпқа машықтанғандардың көтеретін мәселелеріне байыппен қарап, терең білімге сүйене ағарту жұмысын жүргізуі маңызды.

Сонымен қатар, ұлттық, қоғамдық дискурс әлемдегі өз орнымызды, өз мүддемізді түсіне отырып, жасампаздықты қалыптастыра, өз болашағына сенімді ұрпақ тәрбиелеуге бағытталғаны жөн. Әсіресе ақпаратшылар мен ашынып айқайлайтындар, не болмаса түңіліп жылайтындар әр қоғамда бар. Бірақ біз секілді, өз тізгініне ұзақ үзілістен соң қайта ие болған ұлт үшін мәдени діңгекке сүйенген жасампаздық, табандылық және сенімділік маңызды.

Мемлекеттігіміз қалыптасқан қазіргі заманда парызымыз да, міндетіміз де, жүгіміз де тәуелсіздік қайтып оралғанға дейінгі заманнан бөлек екенін ескеруіміз керек. Біз қазір мемлекет үшін жауапты ұлтпыз. Ендеше, қандай қиындық болса да біз өз күшімізге сенуіміз керек, өзімізді өзіміз сабап, өзімізді өзіміз кем тұтып, нигилизмге де ұрынбауымыз керек. Кеше ғана Давостағы форумда Дүниежүзілік қаржы қорының басшысы, болгариялық Кристилина Георгиева, «АҚШ неге Еуропаға қарағанда қуатты?» деген сұраққа жауабында мәдени айырмашылықтарды алға тартты. Яғни, АҚШ-та сенімділік көбірек. Ол мысал ретінде, еуропалықтар бір жақсы нәрсе ойлап тапса, «жаман емес» деп баға береді, ал АҚШ-та болса, оны «тамаша, керемет» деп сипаттайды. Осы сияқты, қуатымыз арту үшін ұлтымызға да сенімділік керек. Өткеннен сабақ ала отырып, қазір үлкен әлеуетіміз бар екенін түсінгеніміз абзал. Мысалы, былтырғы су апаты болған кезде халық өзін қандай ұйымшылдықпен көрсетті. Оның алдындағы пандемия кезі болсын, Арыстағы жағдай, түрлі бағыттағы басқа да нәубеттерде халық өзінің мемлекеттігін ие болып ұстап тұратын ұлт болып қалыптасқанын толық көрсетті. Әлемдегі өз орнымызды да дұрыс бағалай білуіміз өзекті.

Мемлекет тізгініне ие болу ұлттан аяқ астындағы кедергіге сүрінбеуді ғана емес, алыс көкжиекті көріп, үздіксіз жүруді қажет етеді. Әр азаматтың жүрген жолы ұлттың ұлы сапарына құрайды. Ұлы жол мен ұлы сапар нақты қадамдардан тұрады. Ұлы жол — қажырлы еңбектің нәтижесі. Қажырлы еңбек — руханияттың ең биігі.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА,
«Қазақ әдебиеті»,
31 қаңтар, 2025 жыл

ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ АБИТУРЕНТУ, ЖЕЛАЮЩЕМУ ПОСТУПИТЬ В ВОЕННОЕ УЧЕБНОЕ ЗАВЕДЕНИЕ КАЗАХСТАНА

После окончания школы для выпускников остро встает вопрос – куда поступить? Какую специальность получить? Среди множества различных профессий – врача, учителя, программиста, шахтера и других, особняком стоит – защитника Родины.

Именно этому делу посвящают всю свою жизнь офицеры. Они избирают профессию раз и навсегда.

Офицерами не рождаются, ими становятся. Закладка сознания патриотизма, отваги и чести происходит в период обучения в военных учебных заведениях Министерства обороны Республики Казахстан, выпускники которых 100% трудоустраиваются.

Во время обучения курсанты обеспечиваются общежитием, трехразовым питанием, денежным довольствием, обмундированием, необходимыми учебниками. Ежегодно предоставляется очередной отпуск – летом продолжительностью 30 суток и зимний каникулярный отпуск продолжительностью две недели.

Перечень военных учебных заведений (по всем вопросам обращаться в Управления и отделы по делам обороны по месту жительства):

Военный Институт Сухопутных Войск ВС РК

Чему обучают: в вузе готовят офицеров по 15 специальностям. Это – танкисты, десантники, артиллеры, военные переводчики, военные инженеры, офицеры воспитательных структур, а также офицеры мотострелковых, автомобильных войск, офицеры ракетно-артиллерийского обеспечения войск, продовольственного, вещевого обеспечения, офицеры обеспечения жидким топливом, специалисты бронетанкового вооружения и техники, а также с 2016 года появились новые специальности – «Менеджмент в военном деле», «Логистика в военном деле», «Юриспруденция в военном деле».

Возраст: от 17 лет до 21 года (граждане не проходившие воинской службы), до 24 лет (военнослужащие, проходящие срочную службу), до 25 лет (военнослужащие, проходящие воинскую службу по контракту).

Срок обучения: 4 года. По окончании присваивается воинское звание «лейтенант».



Условия поступления: различаются в зависимости от категории кандидата. Если поступающий из числа военно-служащих, ему необходимо до 1 июня подать рапорт на имя командира воинской части на предоставление ему учебного отпуска с 1 июля года приема. После специальной проверки и получения медицинского заключения о годности к обучению, кандидат отправляется на сдачу ЕНТ. Если он набирает как минимум 50 баллов по четырем предметам (по математике не менее 10 баллов), то прибывает в вуз до 26 июля года и обеспечивается питанием. Для выпускников Школы и специализированного лицея «Арыстан» условия такие же, только рапорт на имя своего начальника необходимо подать до 1 апреля. Далее специальная проверка, медицинское освидетельствование, сдача ЕНТ, профессионально-психологического тестирования, а также нормативы по физической подготовке. Если все успешно пройдено, то кандидат прибывает в вуз 30 июля года приема и проходит окончательно медицинское освидетельствование. Если поступающий из числа гражданских, то ему до 1 мая необходимо подать заявление на имя начальника отдела (управления) по делам обороны по месту жительства. Далее все то же медицинское освидетельствование, и сдача ЕНТ. Если все успешно пройдено, то кандидат прибывает в вуз в

период с 20 по 23 июля года приема включительно. Если же Кандидат не сдавал ЕНТ, он сдает КТА и при успешном результате, прибывает в вуз в период с 20 по 26 июля где проходит психологический и физический отбор. Конкурсный отбор и зачисление проводятся в период с 20 по 21 августа года приема.

Военно-Инженерный Институт Радиоэлектроники и связи

Чему обучают: подготовка ведется по 11 специальностям. Это «Радиосвязь и радионавигация», «Сети связи и системы коммутации», «Радиотехника Радиотехнических войск», «Автоматизированные системы управления», «Организация и технология защиты информации». «Контроль защиты государственных секретов», «Радиотехника зенитных ракетных войск одноканальных систем стартового оборудования ЗРК С-75, С-125», «Радиотехника зенитных ракетных войск одноканальных систем радиотехнической батареи ЗРК С-75, С-125», «Радиотехника зенитных ракетных войск многоканальных систем». «Стартовое и технологическое оборудование», «Радиотехника зенитных ракетных войск многоканальных систем. Радиотехническое оборудование», «Радиотехника. Эксплуатация ЗАК, ЗПРК, ЗРК ближнего действия и их

боевое применение», «Радиоэлектроника и инжиниринг в военном деле».

Возраст: от 17 лет до 21 года (граждане не проходившие воинской службы), до 24 лет (военнослужащие, проходящие срочную службу), до 25 лет (военнослужащие, проходящие воинскую службу по контракту).

Срок обучения: 5 лет, по окончании присваивается воинское звание «лейтенант».

Условия поступления: Прием документов для поступления в Институт осуществляется также через Управление (Отдел) по делам обороны по месту жительства. Далее процедура проходит по вышеописанным правилам (см. условия поступления в ВИСВ), которые являются одинаковыми для приема на обучение в военные учебные заведения, подведомственные Министерству обороны РК.

Военный Институт Сил Воздушной Обороны им. Дважды Героя Советского Союза Т.Я. Бегельдинова

Чему обучают: подготовка ведется по 8 специальностям. Это «Эксплуатация летательных аппаратов командной тактической фронтовой авиации», «Эксплуатация летательных аппаратов командной тактической армейской авиации», «Штурманская тактическая авиации», «Командная тактическая боевого управления авиацией»,

«Тактическая эксплуатация летательных аппаратов и двигателей», «Авиационное радиоэлектронное оборудование», «Техническая эксплуатация авиационного электрифицированного и пилотажно-навигационного радиоэлектронного оборудования», «Авиационное вооружение».

Возраст: от 18 лет до 27 лет. **Срок обучения:** до 5 лет. По окончании присваивается воинское звание «лейтенант».

Условия поступления: Кандидатура абитулента после подачи заявления через Управление (Отдел) по делам обороны по месту жительства будет рассматриваться по нескольким критериям: результаты ЕНТ или КТА (прходной 50 баллов), медицинское освидетельствование, результаты физической подготовки, а также психологического тестирования. Отметим, что физподготовка проходит по трем направлениям – сила (подъем на турнике), скорость (100 м или челночный бег), выносливость (забег на 1 или 3 км). Мандатная комиссия рассматривает результаты по каждому предмету и выносит свое решение.

Кадетский корпус МО РК имени Шокана Уалиханова

Чему обучают: «Менеджмент младшего звена в военном деле» с присвоением нескольких квалификаций.

Возраст: достигшие 17 лет, но не старше 21 года выпускники школ или колледжей, а также военнослужащие срочной службы не старше 24 лет, и военнослужащие по контракту не старше 25 лет.

Срок обучения: 1 год 10 месяцев. По окончании присваивается воинское звание «сержант».


Условия поступления: Кандидат должен быть гражданином Казахстана, иметь среднее образование (общее или профессиональное). При поступлении должен предоставить аттестат об окончании школы со средним баллом – 3.5. Согласно новым правилам, результаты ЕНТ не учитываются. Далее кандидату необходимо будет пройти медицинское освидетельствование, сдать нормативы по физической подготовке (подтягивание, бег на 100 метров), а также психологическое тестирование.



ОВЕН. Наступающая неделя станет для Овнов временем значимых перемен: вы ощутите приток жизненных сил и захотите взяться за новое дело. Среда удачна для подписания договоров и проведения важных переговоров. К концу недели обстоятельства неожиданно повернутся в вашу пользу, главное — не торопите события.



ТЕЛЕЦ. Тельцам стоит проявить осторожность в денежных вопросах на этой неделе — внимательно проверяйте детали любых финансовых операций. Понедельник и вторник хороши для семейных встреч и решения бытовых вопросов. Ближе к пятнице ждите приятный сюрприз в личной жизни.



БЛИЗНЕЦЫ. Неделя обещает Вам массу творческих идей и вдохновения. Используйте это время для реализации задумок, которые долго откладывали. В середине недели возможны неожиданные встречи, которые позитивно повлияют на карьерный рост. Четверг — подходящий день для любых экспериментов с образом, покупок одежды или изменения стиля.



РАКИ почувствуют, что пришло время разобраться с прошлым и освободиться от старых обид. Начало недели отлично подходит для медитаций, работы с эмоциями и личностного роста. С четверга возможны важные новости от родственников или близких друзей, которые вас порадуют и взбодрят.



ЛЕВ. Для Вас неделя пройдет под знаком ярких эмоций и активного общения. Особенно плодотворными окажутся вторник и среда — в это время можно добиться успеха на работе, проявив инициативу и лидерские качества. В пятницу будьте осторожны со спонтанными покупками.



ДЕВА. Эта неделя для Дев принесет долгожданное облегчение в делах и возможность завершить важные проекты. Вам стоит навести порядок в документах и избавиться от ненужных вещей. Среда будет удачным днем для решения юридических вопросов или консультаций со специалистами.



ВЕСАМ на этой неделе стоит прислушаться к интуиции, которая поможет избежать возможных неприятностей. Вторник удачен для знакомств, способных значительно повлиять на ваше будущее. В четверг ожидается важный разговор с близким человеком, который поможет прояснить отношения и избавиться от накопившихся недомолвок.



СКОРПИОНАМ придется проявить гибкость и дипломатичность в общении с коллегами, особенно в начале недели. К середине недели возможны приятные финансовые новости или неожиданные денежные поступления. В четверг проявите внимание к здоровью и самочувствию.



СТРЕЛЬЦЫ. У Вас наступает время активного самовыражения: начало недели идеально для того, чтобы заявить о себе и своих амбициях. Среда может стать днем приятных открытий или небольшого приключения, способного изменить ваше отношение к привычным вещам.



КОЗЕРОГ. Для Вас неделя обещает спокойный ритм и возможность укрепить внутреннее равновесие. Вторник — удачный день для занятий спортом, заботы о себе и улучшения физической формы. В среду и четверг будьте внимательны к новым предложениям, они могут оказаться весьма перспективными и финансово выгодными.



ВОДОЛЕЙ. На этой неделе Вам стоит довериться своему природному любопытству и исследовать новые сферы деятельности. Лучшее время для получения новых знаний, посещения семинаров или тренингов. Будьте осторожны с эмоциональными реакциями на критику — лучше сохранять спокойствие и холодный ум.



РЫБЫ почувствуют, что пришла пора действовать решительно: в начале недели сделайте первые шаги к реализации задуманного. Вторник и среда — дни, когда возможно получение долгожданных новостей о продвижении по работе или решении сложного вопроса. Избегайте рискованных инвестиций или финансовых авантюр.

СКАНВОРД

Индия, инструмент	Волосы	Фильм	Попугай						Лентяй
					Поезд	Пупс		Картина	
Десерт, Италия	"Авто-ВАЗ"	Лонгет	Флейта						
Виноград					Малыш, плохое	Веник		Агата Кристи	
			Япония	Курорт					
Обман	Стихи, самурай	Щель, волокно				Рак			
Бедлам			Футбол, Испания	Работник, монастырь					
Речь, себялюб	Дрожь, холод	Утро, трава			Разъем	Убыток		Алкоголь	
			Плач	Лицо					
Резус	Тугодум	Звери, территория				Хоккей	Человек-паук		
			Приворотное	Литье, форма					
	Пеле	Монета	Никосия						
				Пыточная	Игра, обруч	Сыр		Пальто	
	Пение	Торговля, посредник			Птица				
			Монтаж						
	Страх, паралич	Убеждения			Лазерный				

Анекдоты, анекдоты...



На рынке.
- А это кроссовки чьего производства?
- Немецкие.
- А вот, смотрите, внутри под стелькой написано - китайские!
- Для нормальных людей - немецкие, а для любопытных - китайские.

— Террористы захватили Китай. Если их требования не будут выполнены, они каждый день будут убивать по одному китайцу. У главы правительства Китая есть 20 тысяч лет на размышление.

В Бруклине на Брайтон-бич один оборотистый одесский еврей открыл небольшой дешевый ресторанчик для только что приехавших эмигрантов. Первые посетители были поражены расторопным официантом — китайцем, который бойко изъяснялся на иврите. Хозяйка спросили:
— Откуда у вас китаец, говорящий на чистом иврите?

— Это мы его научили, — сказал хозяин, — но только не говорите ему — он думает, что это английский.

— В ресторане сидели американец, китаец и еврей.
— Каждому в суп попала муха.
— Американец немедленно устроил скандал.
— Китаец съел муху.
— А еврей продал свою муху китайцу.

Встречаются две подружки.
— Отлично выглядишь! Как тебе удалось так похудеть?
— Я ездила в Китай к одному известному целителю.
— И что у него за метод? Иглоукалывание? Гимнастика?
— Особая гималайская диета: нужно целый месяц питаться только куриным бульоном.
— Что ж, это еще можно вытерпеть.
— Но обязательно китайскими палочками.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 537

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс — 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты. Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.